

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми-Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары =Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука, новой формации - будущее Казахстана. - 2020. - Т.1, Ч.1 - Б.77-79

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРҒАҚ ДАЛАЛЫ АЙМАҚ ЖАҒДАЙЫНДА ҚЫТАЙ СЕЛЕКЦИЯСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВТІ МАЙБҰРШАҚ СОРТТАРЫН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Абдығали Ә.

Барлық дәнді бұршақ дақылдары тұқымдары мен вегетативті массасындағы ақуыздың жоғары мөлшері есебінен жоғары азықтық және малазықтық құндылыққа ие. Ақуыздың ең жоғары мөлшерімен майбұршақ пен бөрібұршақ ерекшеленеді. Оның мөлшері өсіру жағдайларына байланысты әр түр арасында ғана емес, бір дақыл ішінде де өзгереді. Бұршақ дақылдарының дәндеріндегі ақуыздың биологиялық құндылығы өте жоғары. Егер сүт ақуызының биологиялық құндылығын 100 деп алсақ, көптеген дәнді бұршақ дақылдарының биологиялық құндылығы 75 – 85, ал майбұршақтың құндылығы 100-ге жақын болады [1].

Халықты азық – түлікпен, атап айтқанда тағамдық ақуызбен қамту мәселесі қазіргі таңда өзектілігін сақтап отыр. Азықтық және ауылшаруашылық ұйым мамандары (FAO) ойынша, 2050 жылға дейін ақуымды аштықты алдын алу мен азықтық қауіпсіздікке кепілдік беру үшін дүние жүзіндегі ауыл шаруашылық дақылдарын өндіру мөлшері 2 есеге арту керек. Ол уақытқа дейін жер шарындағы халық санышамамен 9,1 дейін артады [2].

Ақуыз жетіспеушілігін көпшілік таңдаған жолмен жою, яғни оның сапасыздығын жою және азық-түліктің тағамдық құндылығын жоғарылатудың жолы болып ақуыздың жаңа көздерін пайдалану болып табылады. Барлық ауылшаруашылық дақылдардың ішіндегі ақуыздың жалпы массасы жөнінен майбұршақ (62,7 млн т) бидайдан кейінгі (71 млн т) екінші орында. Алайда бидай ақуызы тағамдық мақсатта 74 % пайдаланылады, ал майбұршақ ақуызы FAO бағалауы бойынша 10 % артық емес, сондықтан да тағамдық жер шарындағы негізгі көзі болып майбұршақ танылған [3].

Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының документтерінде белгіленгендей майбұршақ ақуызы жануар ақуызымен тең келетіндей бірегей аминқышқыл құрамымен ерекшеленеді [3]. Майбұршақты тағамға пайдалану дүние жүзіндегі алдыңғы мемлекеттерде үлкен темппен өсіп келе жатыр және жылына 5-8 % құрайды. Жыл сайын майбұршақ тұқымдарының өнімінен 85 % екі негізгі өнім алуға жұмсалады: майбұршақ майы мен күнжара. Осыған байланысты майбұршақ ақуызымен халықты қамту мәселесі өзекті болып отыр.

2016 жылы еліміздегі майбұршақ егістіктері 106 мың гектар құрады, олардың 98 мыңы Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік – шығыс аймағы жағдайында шоғырланған [4]. Солтүстік Қазақстанның құрғақ – далалы аймақ жағдайында қытай селекциясының перспективті бұршақ сорттарына экологиялық баға беру үшін 2019 жылы зерттеу жұмыстары жүргізілді. Нақтырақ айтқанда зерттеу Ақмола облысы Целиноград ауданы жағдайында өтті. Аудан климаты тым континенттік жазы ыстық, қысы суық. Зерттеу жүргізілген жылы ауа температурасы көпжылдық орташа температурамен салыстырғанда біршама жоғары, ылғалдану мөлшері аз болды. Тәжірибеге бақылау нұсқасы ретінде стандарт сорт Бара және қытай селекциясының 39 сорты, барлығы 40 сорт алынды. Бір сорт 3 қайталымнан себілді. Тәжірибе аланының ауданы 400 м². Зерттеу барысында сорттардың вегетациялық кезеңінің ұзақтығы, аурулар мен зиянкестерге төзімділігі, жапырылуға, шашылуға төзімділігі анықталды. Жинаудан кейін қосымша кептіруден өткен тұқымдардың технологиялық сапа көрсеткіштері – ақуыз мөлшері мен май мөлшері анықталды. Зерттеуге алынған сорттар арасында бұл көрсеткіштер кесте – 1 көрсетілген.

Кесте 1. Майбұршақ сорттарының сапалық көрсеткіштері, 2019 жыл

№	Сорт атауы	Ақуыз мөлшері, %	Май мөлшері, %
1	Бара	38,23	22,3
2	Beidou 47	37,49	19,96
3	Beidou 14	38,30	20,84
4	Longken 333	37,73	19,94
5	Beidou 41	37,63	20,94
6	Heihe 43	37,64	20,35
7	Kendou 68	38,51	18,74
8	Kenjiandou 28	40,95	20,60
9	Beidou 19	38,62	19,38
10	Longken 336	39,83	19,66
11	Heihe 38	37,02	19,04
12	Beidou 52	37,48	21,28
13	Jinyaan 55	39,00	20,55
14	Beidou 53	36,68	20,7
15	Kenfend 20	36,59	20,23
16	Dongnong 63	35,57	20,76
17	Heihe 58	35,47	20,8
18	Heihe 59	35,05	21,2
19	Heihe 33	34,45	17,8
20	Heihe 35	40,58	17,3
21	Heihe 44	37,53	17,7
22	Heihe 49	41,85	16,6
23	Beidou 26	39,46	17,6
24	Beidou 36	39,40	17,4
25	Beidou 43	33,33	21,4
26	Beidou 51	35,29	22,5
27	Huajiong 2	33,80	20,7
28	Suiyang 1	37,82	19,8

Мабұршақ тұқымындағы ақуыз мөлшері 33-тен 45%-ға дейін, май мөлшері 20-дан 25,7% аралығында ауытқиды[1]. Ақуыз мөлшері бойынша көрсеткіштер 33,33%– 41,85%аралығында болды. Ең жоғары мөлшері - Heihe 49 сортында 41,85% ал ең төмен көрсеткіш Beidou 43 – 33,33%құрады. Стандарт сорт Бара - 38,23%. Азық – түліктік майлардың ішінде өндірісі бойынша бірінші орынды мабұршақ майы иеленеді. Зерттеуге алынған сорттар арасында май мөлшері 16,6% - 22,5% аралығында ауытқыды. Майдың максималды мөлшері - Beidou 51 сортында 22,5% құрады, ал стандарт сорт Барада – 22,3%. Минимум мөлшері сортында Heihe 49 – 16,6% болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Аринов К.К. //Растениеводство Северного Казахстана / Н.А. Шестакова.- Астана, 2006. – С.28-35.
2. Елисеев А.С. Соя в России и в мире: история культуры и особенности её возделывания [Текст] / А.С. Елисеев // Аграрное обозрение. – 2010. – № 3 (19). – С. 69.

3. Подобедов А.В. Уникальные свойства сои [Текст] / А.В. Подобедов // Достижения науки и техники АПК. – 2002. – № 6. – С. 42-45

4. Abugalieva S., Didorenko S., Anuarbek S., Volkova L., Gerasimova Y., Sidorik I., Turuspekov Y. Assessment of Soybean Flowering and Seed Maturation Time in Different Latitude Regions of Kazakhstan // PLoS ONE. – 2016. – V.11(12). – P.1-11.